

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 маусымдағы N 618 Қаулысы

Ескерту. Қазақстан Республикасының Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2006.03.30. N 213 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7, N 8, 23-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) тәуелкелді бағалау - қолданылуы мүмкін санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларды және соған байланысты Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі өткізетін медициналық-биологиялық және экономикалық салдарларды ескере отырып, жұқпалы және паразитарлық аурулар қоздырғыштары немесе тасымалдаушылар енгізілуі және таралуы, сондай-ақ олардың химиялық, микробиологиялық, радиологиялық ластануына байланысты халықтың денсаулығы үшін қауіпсіз емес тауардың әкеліну мүмкіндігін ғылыми негізделген тұрғыдан бағалау";

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 32), 33) және 34) тармақшалармен толықтырылсын:

"32) халықаралық практикадағы жалпы қабылданған тәуекелді бағалау әдістерін ескере отырып, тәуекелді бағалауды жүргізудің тәртібін белгілейді;

33) егер бұл іс-шаралар елдің аумағында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығының тиісті деңгейін қамтамасыз етсе, барабар ретінде басқа елдердің санитарлық-індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларын таниды;

34) ауру таралмаған немесе ауру таралу деңгейі төмен аумақтарды немесе олардың бөліктерін айқындайды";

3) 7-1-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) тәуекелді бағалауды жүзеге асыруды ұйымдастырады";

4) 8-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

"24) өз құзыреті шегінде тәуекелді бағалауды жүзеге асыруды ұйымдастырады";

5) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады";

4-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады";

6) 15-баптың 1-тармағы "деректер банкін түзу мен жүргізуді" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"жалпыға бірдей қабылданған халықаралық талаптары бар мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарын үйлестіруді".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті